



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚСТАНДА ДІНИ ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ**Естурин Сабина Маратқызы***yessturina@mail.ru*

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» мамандығының

4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Баймбетова

Қазіргі таңда Қазақстанда туристік мәселені шешу өте өзекті мәселелердің санатында. Елбасы өзінің Қазақстан халқына арналған әр жылдық Жолдауында елдегі туризмді дамытуға ерекше мән беруде.

Қазақстан Республикасында туризмді дамыту мақсаты:

- халықты ынталандыру;
- мемлекеттік және жеке меншік туризм сферасының тиімділігін арттыру;
- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- халықты жұмыспен толықтай қамтамасыз ету;
- туризмді экономикаға табыс әкелетін салаларының біріне айналдыру;
- республиканың туристік потенциалын арттыру;
- табиғи байлықтарымызды сақтау және ұтымды пайдалану;
- елдің инфрақұрылымын дамытуға үлес қосу;
- елдің экономикалық даму қарқынын арттыру.

Туризмнен түскен табыс мұнай, өнімдері және автомобиль экспорты табысынан кейін тұрақты 3-ші орында келеді. Мұндай оң үрдіс жаңа мың жылдықтың бас кезінде де сақталады деп күтілуде. Әлемдік туристік нарықтың дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне іс жүзінде жеткендіктен, туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аумақтар есебінде басым дамиды болады. Осыған байланысты, Қазақстанның әлемдік туристік нарықта өзінің лайықты орнын табуға бірегей мүмкіндігі зор.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Қазақстан халқына жасаған кезекті Жолдауының бірінде «бүкіл елдегі туризмді дамыту орындарын зерттеу керек, олар аз емес» деген болатын[1].

Қазақстандағы туристік нысандар бірнеше топтарға бөлінеді: табиғи-рекреациялық, тарихи-археологиялық, тәуіп ету. Тәуіп ету (діни) туризм нысандары республика аумағында көптеп кездеседі. Оларға түркі әлеміндегі қасиетті Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Иассауи кесенесін айтуға болады. Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуіп ету орнына айналды.

Тарихи тұлға, ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп бабамыздың кесенесі 2006 жылы бой көтерген. Халқымыздың болашағын болжаған дала данасы Асан қайғы бабамыз Баянауыл тауларын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам бір жұма тоқтап қалады», – деген екен. Расында да, жері қасиет пен құдіретке тұнған бұл мекенге келіп, тәуіп етпеген қазақ жоқ.

Айша бибі кесенесі — XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Айша бибі кесенесі XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сан түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған.

Бекет Ата жерасты мешіті - Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген тұмсығының үзіліп қалған Оғыланды шоқысына қашалған тарихи-сәулетескерткіші. Деректерге сүйенсек, Бекет ата 1750 жылы туылып, емші, көріпкел ғана емес, физика, математика, астронмия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама ретінде аты танылған. Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өңіріне қайта келіп, бес мешіт салдырады. Жергілікті дін ғұламаларының арасында атақ-даңқы өсіп, Пір атанады. Пайғамбар жасында дүние салады. Бекет атаның мүрдесі осы жерасты мешітіндегі бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Бұл күнде мешіт басы әулие басына зиярат етушілерден бір арылмайды.

Арыстан баб кесенесі көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахметсауидің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған. Кесененің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Домалақ ана кесенесі. Домалақ ана Жетісу, Әулиеата, Шымкент, Ташкентті мекен еткен барлық халықтың анасы саналады. Оның баласы Жарықшақ Ташкент әмірінің көмекшісі, кейін Жетісу аймағының билеушісі болған.

Домалақ ана кесенесі - сәулетті ескерткіш. Қаратаудың күнегей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында орналасқан. Қазақ халқының абыз аналарының бірі, халық арасында Домалақ ана атанған Нұрилә Әли Сланқызының зиратының басына тұрғызылған. Нұрилә - араб сөзі, қазақша «Алланың нұры» деген ұғым береді. Нұрилә (Домалақ ана) - Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі. Домалақ ана өзінің ақылдылығымен ел ішінің бірлігінің ұйытқысы бола білген. Тарихи жазбаларда Домалақ ананың адамгершілігі, әдептілігі, парасаттылығы мен шыншылдығы және аналық қасиетінің арқасында «Домалақ ана» аталуы жайлы көптеген деректер жазылған. Туристер бұл орындарға тәуіп етіп, құлшылық жасау үшін келеді [2].

Елімізде туризм саласына, Отандық туристік өнімнің өткізілуіне, оның үйлесімді көркемделуіне, халықаралық туристік нарықта жарнамалануы мен жылжытылуына ерекше баса назар аудару керек.

Бұл ескерткіштерді насихаттаудағы басты мақсатымыз – тарихи құндылықтарымызды сақтап қалу, ұрпақ кәдесіне жарату, туризмді дамыту.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында киелі жерлерді насихаттау, дамыту тапсырылған болатын. Қазақ жері ондай қасиетті, киелі мекенге, ескерткішке өте бай. Мәселен, Орталық Қазақстанда Ұлытау бар болса, Солтүстікте Ботай, Батыста Сарайшық қаласы, Оңтүстікте Түркістан өлкесі. Міне, осы киелі жерлер картасы мен тізімі дайындалды. Соның бірсыпырасы Түркістан қаласының аумағында орналасқан. Ең бірінші орында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тұр. Бұл ЮНЕСКО-ға енген халықаралық ескерткіштердің бірі[3].

Қазақстанда әлі игерілмеген туризмді дамытатын орындар жетерлік. Тек соған мемлекет және жергілікті халықтың, сонымен қатар сол жердің туып өскен азаматтарының тарапынан айтарлықтай қолдаулар көрсетілсе, біршама уақыт аралығында басқа елдер сияқты Қазақстанның да туризм саласы дамуын бастар еді.

Қазақстанда туризм дамуының болашағы жарқын. Себебі:

- еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы;
- саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформа және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;
- еліміздің тарихи- мәдениет мұрасының ерекшелігі;
- мұсылман, христиан ескерткіштерінің болуы;
- Қазақстанның көп мәдениеттілігі, музей, мәдениет ошақтарының, фольклорлы - этнографиялық және ұлттық кәсіпқой өнерпаздардың көп болуы;
- туристік- рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау т.б.;
- бос еңбек ресурстарының болуы (мамандар).

Еліміздің табиғаты қолайлы, туризм саласын жоғары деңгейде дамытуға мол мүмкіндіктер бар екені белгілі. Алайда, туристік ресурстарымыз мол болғанымен, сол өнімдеріміздің шет елдерде насихаттай алмағандығы және жарнаманың дұрыс деңгейде болмағандығы оны экспорттауға кедергі жасауда. Сонымен қоса, саланың өнімдерін сыртқа шығаруға теріс ықпалын тигізіп жатқан мәселелердің бірі, индустриядағы менеджменттің әлсіздігі, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі және инфрақұрылымның ескіргендігі, жергілікті, мемлекеттік және инвестициялық қаржылық қолдаудың төмендігі және әлемді қаржылық дағдарыс жайлағанда отандық инвесторлар туризм секторына қаржылай қаражат көлемін жеткілікті деңгейде салмайды, нәтижесінде туризмнің даму қарқыны бәсеңдейді.

Туризм саласының инфрақұрылымдық деңгейін дамыту үшін туристік ұйым орталықтарына бірқатар жеңілдік жасалыну қажет және туризм саласына инвесторлардың құятын инвестиция көлемін ұлғайту қажет. Осындай шараларға қол жеткізгенде ғана туризм саласының дамуы ілгері жылжуы мүмкін. Болашақта туризм саласына мемлекет белсене қаржылай қолдау көрсетсе, туризм саласы ел экономикасындағы үлкен табысты сала болып қалыптасарына сенім мол.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары. Алматы. 11 желтоқсан 2015 жыл. [Электрондық ресурс] Кіру тәртібі: <http://www.kit.gov.kz/index.php/kz/aza-standa-y-turizm>.
2. Қазақстан Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1048 Қаулысы.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің мақаласы: Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 жылғы 12 сәуір. [Электрондық ресурс] Кіру тәртібі: http://www.inform.kz/kz/zholdau_t882

ӘОК 338.7

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ

Жанабай Айбек Аманбекұлы

aibekbaigenjenov99@gmail.com

Халықаралық бизнес университетінің (UIB) Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі мамандығының студенті, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- А.Батырханқызы

Бүгінгі күні әлемде қалыптасқан экономикалық жағдай адамдарға барлық мүмкіндіктерді пайдаланып табыс тауып, мейлінше үнемділікпен шыққан шығыстарды азайтуға бейімдеуде.

А.Маслоу құрған қажеттіліктер пирамидсына көз жүгіртсек, кез келген адам үшін ең соңғы қажеттілік — рухани қажеттілік болып табылады. Маслоу тұжырымдамасы бойынша бұл қажеттілік ең соңғы болып табылады, және оған өзінің басқа қажеттіліктерін (физиологиялық, қауіпсіздік, махаббат/бір затқа тиесілік, құрмет, білім алу, эстетикалық) толық өтеген адам ғана қол жеткізе алады. Рухани қажеттілігін әркім әртүрлі өтейді. Біреулер мәдени іс шараларға қатысумен, біреулер музыка арқылы, кейбір адамдар өзінің хоббиімен, жаны сүйетін іспен айналысды. Ал енді біреулер басқа елдің мәдени құндылықтарын тану арқылы өзінің рухани қажеттіліктерін өтейді. Яғни, туризм арқылы.

Қазіргі уақытта туризм бизнес ретінде өзінің шарықтау шағында десек болады. Жыл он екі ай миллиондаған адамдар басқа мемлекеттерді аралауда. Туризм адамдардың рухани қажеттілігін өтесе, екінші жағынан бизнес болып табылады. Көптеген мемлекеттер үшін бұл